ШАРТ № 40 П

Қызылорда қаласы **7 наурыз 2012 жыл**

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын «Қызылорда облысының құрылыс басқармасы» ММ атынан басқарма бастығы Ә. Жылқайдаров, бірінші тараптан және бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын, «Қызылорда Жоба Құрылыс» ЖШС атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директоры Д. Сұлтанбеков екінші тараптан, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңның (бұдан әрі - Заң) және 2012 жылғы "10" ақпанда өткен Мемлекеттік сатып алудың қорытындысына сәйкес бір көзден алу тәсілі негізінде осы Мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі келісімге келді:

1. Шарттың мәні

1. «Қазалы ауданы Байқожа ауылында 20 орындық бала бақшасымен 50 орындық №258 мектеп» объектісінің құрылысына бұрын әзірленген жобалық-сметалық құжаттамасын жергілікті жерінің жағдайларына байланыстырып, мемлекеттік сараптамадан өткізу жұмысы.

2. Шарт шарттары

2.1. Жұмыстар «Қазалы ауданы Байқожа ауылында 20 орындық бала бақшасымен 50 орындық №258 мектеп» объектісінің құрылысына бұрын әзірленген жобалық-сметалық құжаттамасын жергілікті жерінің жағдайларына байланыстырып, мемлекеттік сараптамадан өткізу жұмысы бойынша орындалады.

Бас жобалаушы «Қызылорда Жоба Құрылыс» ЖШС, мекен-жайы Қызылорда қаласы, Шұғыла мөлтек ауданы 54 үй.

2.2. Өнім беруші жұмыстарды атқарады, ал тапсырыс беруші өнім берушіден «Қазалы ауданы Байқожа ауылында 20 орындық бала бақшасымен 50 орындық №258 мектеп» объектісінің құрылысына бұрын әзірленген жобалық-сметалық құжаттамасын жергілікті жерінің жағдайларына байланыстырып, мемлекеттік сараптамадан өткізу жұмыстарын қабылдап алып, шарт талаптарына сәйкес тиесілі соманы төлейді.

2.3. Өнім беруші «Қазалы ауданы Байқожа ауылында 20 орындық бала бақшасымен 50 орындық №258 мектеп» объектісінің құрылысына бұрын әзірленген жобалық-сметалық құжаттамасын жергілікті жерінің жағдайларына байланыстырып, мемлекеттік сараптамадан өткізу жұмысы бойынша объектісінің құрылысына жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеп мемлекеттік сараптамадан өткізу жұмыстарын шарт талаптары мен жұмыс құжаттарына сәйкес орындайды. Шарттың жалпы сомасы 5 204 000 (бес миллион екі жүз төрт мың) теңге 00 тиын, 037 «Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау», 037 «Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау», 015 «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен» бюджеттік бағдарлама бойынша, 421 «Ғимараттар мен құрылыстарды салу» ерекшелігіне және қаржы төлемінің жоспарына сәйкес айлар бойынша: наурызда – 1 561 200 теңге (30%) аванс, мамырда – 1 040 800 теңге, тамызда -2 602 000 теңге.

2.4. Өнім беруші ай сайын, қажет болған жағдай да Тапсырыс берушінің сұратуы бойынша атқарылып жатқан жұмыстары жөнінде мәлімдеме береді.

2.5. Өнім беруші міндеттемелерін бюджеттік бағдарламаға сәйкес бір қалыпты орындау қажет.

2.6. Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы жұмыс жобасы мәселелеріне қатысты ресми қатынас жазбаша түрде ғана күшке ие болады.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

3.1. «Өнім берушінің» міндеттері:

3.1.1. «Қазалы ауданы Байқожа ауылында 20 орындық бала бақшасымен 50 орындық №258 мектеп» объектісінің құрылысына бұрын әзірленген жобалық-сметалық құжаттамасын жергілікті жерінің жағдайларына байланыстырып, мемлекеттік сараптамадан өткізу жұмыстарын уақытылы орындалуын қамтамасыз ету қажет.

3.1.2. Өнім беруші 3 (үш) жұмыс күн мерзім ішінде Тапсырыс берушіге жоба жұмыстары бойынша орындау тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ Тапсырыс беруші тарапынан оның конкурстық өтініміне сәйкес төлемдерді жүргізу кестесі мазмұндалған жұмыстардың өндіріс кестесін бекітуге ұсынуы қажет.

3.1.3. Мердігер өз қызметкерлерінің іс-әрекеттері мен кемшіліктері үшін Тапсырыс беруші алдында жауапты болады.

3.1.4. Мердігер Тапсырыс берушіге шарт бойынша орындалатын жұмыстар Қазақстан Республикасында күші бар стандарттарға сәйкес келуіне кепілдік береді.

3.1.5. Өнім беруші ай сайын, атқарылып жатқан жұмыстары көлемі жөнінде мәлімдемені сенімді өкілдері қол қойған жұмыс атқару Актісі бойынша тапсырады.

3.1.6. Өнім беруші оң экспертиза қорытындысын алғаннан кейін Тапсырыс берушіге қорытынды қабылдау актісі бойынша дайын құжаттарды тапсыру қажет.

3.1.7. Өнім беруші конкурстық өтінімге қазақстандық қамтуды қамтамасыз етуді міндетіне алады.

3.1.8. Өнім беруші Тапсырыс берушіге келесі құжаттарды тапсыруға міндетті: жобалық-сметалық құжаттамасының түпнұсқасын – 4 данада, жобалық-сметалық құжаттаманың электрондық түрі, жалпы жиынтық сметасы мен түсіндірмелік жазба – 5 дана.

3.2. «Тапсырыс берушінің» міндеттері:

3.2.1. Өнім берушіге шарт талаптарына сәйкес жұмысты қабылдау Актісіне бойынша төлем жүргізуі қажет.

3.2.2. Тапсырыс беруші 3 (үш) жұмыс күн ішінде жоба бойынша жұмыстарды орындау тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ конкурстық өтініміне сәйкес төлемдерді жүргізу кестесі мазмұндалған жұмыстардың өндіріс кестесін қарап келісімін беру қажет.

3.2.3. Тапсырыс беруші өнім берушіге шарттың 2.3. тармағында көрсетілген сомада аванстық төлем жүргізу қажет.

3. Жұмысты орындау және қабылдау мерзімі

4.1. Шарт бойынша өнім беруші міндеттемелерін 2012 жылғы 15 тамызға дейін орындау қажет.

4.2. Шарт бойынша өнім беруші жұмыстарын 2012 жылғы 15 тамызға дейін аяқтау және оң экспертиза қорытындысын тапсыру қажет.

5. Шарттың сомасы және есеп айырысу тәртібі

5.1. Шарттың жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасы 5 204 000 (бес миллион екі жүз төрт мың) теңге 00 тиын, 037 «Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау», 037 «Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау», 015 «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен» бюджеттік бағдарлама бойынша, 421 «Ғимараттар мен құрылыстарды салу» ерекшелігіне және қаржы төлемінің жоспарына сәйкес айлар бойынша: наурызда – 1 561 200 теңге (30%) аванс, мамырда – 1 040 800 теңге, тамызда - 2 602 000 теңге.

5.2. Төлеу түрі: аудару, ұсынылған банктік реквизиттер бойынша.

5.3. Ақы төлеу алдындағы қажетті шот-фактура немесе орындалған жұмыстарды қабылдап алу-беру актісі.

5.4. Тапсырыс беруші Өнім берушіге 1 561 200 теңге мөлшерде аванстық төлем төлейді. Өнім беруші Тапсырыс берушіден алған авансты өтеу қажет: сәуірде – 780 600 теңге, мамырда – 780 600 теңге.

5.5. Тапсырыс беруші барлық жұмыстар орындалғанша және шалағайлықтар мен ақаулар тізбесін жойғанша Мердігерге төленетін жалпы соманың 50 % пайызын ғана төлейді, ал түпкілікті ақысын 50 % пайыз мөлшердегі соманы аяқталған жұмысты қабылдау Актісіне бойынша оң мемлекеттік экспертиза қорытындысын тапсырғаннан кейін төлейді.

5.6. Тапсырыс беруші шарт талаптарына сәйкес тараптар жұмысты қабылдау Актісіне қол қойған күннен бастап 10 күн ішінде төлем жүргізуге міндетті.

6.Тараптардың құқықтары мен дауды шешу жолдары

6.1 . Мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа өзгерістер енгізуге:

1) ұқсас сатып алынатын жұмыстарға бағалар азаю жағына өзгерсе, тараптардың өзара келісімі бойынша жұмыстарға бағаның және осыған сәйкес шарттың бағасын азайту бөлігінде;

2) егер мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізілсе және Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылданған, осындай өзгерістің сомасынан қосымша ақша бөлу туралы шешім қабылданса, шарттың сомасын ұлғайту бөлігінде;

3) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жұмыстарды қоспағанда, осы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көрсетілген жұмыс бірлігі үшін бағаны өзгертпейтін шартпен сатып алынатын жұмыстардың көлеміндегі қажеттіліктің азаюына немесе ұлғаюына байланысты шарттың бағасын азайту не ұлғайту бөлігінде. Мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартты мұндай өзгертуге мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында осы жұмыстарды сатып алу үшін көзделген соманың шегінде жол беріледі;

4) салық, кеден және басқа да салалардағы заңнаманың не Қазақстан Республикасының заңнамасының өзгерісіне байланысты еңбек пен материалдық ресурстар құнының өзгеруінен туындаған аяқталу мерзімі келесі (кейінгі) жылдағы (жылдардағы) жұмыстарды орындау шартының сомасын азайту және ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ жылдар бойынша қаржыландыру өзгерген жағдайда, мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға тиісті өзгерістер енгізу шартымен шарттың орындалу мерзімдерін тиісінше өзгерту бөлігінде жол беріледі.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа мемлекеттік сатып алу шарттарының және (немесе) өнім беруші таңдау үшін негіз болған ұсыныстың мазмұнын өзгертетін өзгерістерді Заңның 39-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделмеген негіздемелер бойынша енгізуге жол берілмейді.

6.2 Тапсырыс беруші мен Өнім берушінің арасындағы Жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу барысында мәселелеріне қатысты ресми қатынас жазбаша түрде ғана күшке ие болады.

6.3 Өнім беруші Тапсырыс берушінің мүлкіне, меншігіне шығындар немесе залал келтірумен және өз қызметкерлерінің денсаулығына, сондай-ақ өз қызметкерлерінің мерт болуымен байланысты және Шартты орындау ағымында және салдарынан туындайтын барлық тәуекел үшін жауапты болады.

6.4 Тапсырыс беруші тәуекелдің ерекше түрлері, атап айтқанда: соғыс, көтеріліс, революция, азаматтық соғыс, бүліктер, тәртіпсіздіктер (егер онда Тапсырыс берушінің қызметкерлері қатысса) тәуекелі үшін жауапты болады. Сондай-ақ, тапқан және конкурстық құжаттамада көрсетілмеген топырақтың уытты және жарылғыш нәрселермен улануы және егер осы табылғандар жұмыстардың орындалуына тікелей әсер ететін болса да Тапсырыс берушінің тәуекелі болып табылады.

6.5. Тапсырыс беруші Өнім берушінің объектінің құрылысын салуға бөлінген Учаскенің барлығын пайдалануға рұқсат етеді. Егер жобалық сметалық құжаттаманы әзірлеу үшін (Саулет жоспарлау тапсырмасы) берілген Учаскенің бір бөлігі Учаске берілетін күнге берілмеген болса және осы себеппен жұмыстарды орындау кідіртілсе, онда бұл жағдайда Тапсырыс беруші жұмыстарды аяқтау мерзімін осы Учаскені беруді кідірткен мерзімге ұзартуы тиіс.

6.6 Тапсырыс беруші немесе оның уәкілетті тұлғасы, сондай-ақ жобалау-сметалық құжаттаманың әзірлеушілері Учаскеге немесе Шарт бойынша жұмыстар орындалып жатқан немесе орындалатын кез келген басқа орынға әрқашан рұқсаты болады.

6.7 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе соған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

6.8 Егер осындай ресми емес келіссөздер басталғанынан 21 (жиырма бір) күн ішінде Шарт бойынша дауды Тапсырыс беруші мен Өнім беруші бейбіт жолмен шеше алмайтын болса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап етуі мүмкін.

6.7 Егер өнім беруші Шарттық құжаттардың талаптарын бұзып орындалған жұмыстарды түзету жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ егер Өнім беруші жобалау-смета құжаттамасын әзірлеу жұмысын соңына дейін орындауға қабілетсіз болып шықса, Тапсырыс беруші жазбаша нұсқамамен Өнім берушіге жұмыстарды тұтастай немесе тоқтап қалу себептерін жойғанға дейін жұмыстардың бір бөлігін тоқтату туралы өкім бере алады.

6.8 Егер форс-мажорлық жағдайлар орын алса немесе ол ұсынған ауытқулар жұмыстарды орындау үшін қосымша мерзімдер талап етсе, сондай-ақ егер, жұмыстарды орындау үдерісінде қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын Ақаулар анықталған жағдайларда Тапсырыс беруші жұмыстарды орындау мерзімін ұзартады. Бұл ретте Өнім беруші азаматтық заңнамада көрсетілген рәсімге сәйкес Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуі тиіс.

6.9. Мынадай оқиғалар жұмыстардың ұзақтығы мерзімін өзгертуге алып келеді:

1) Тапсырыс беруші Объектінің барлық учаскелерін пайдалануға рұқсат етпесе, бұл жұмыстардың орындалуын кідіртеді. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша жұмыстардың орындалу мерзімін ұзартуға міндетті;

2) Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шартта жоспарланбаған сынақтарды өткізу үшін жұмыстарды тоқтатуға нұсқама берсе. Егер осы сынақта қандай да бір ақауларға нұсқамаса, онда сынақ өткізу үшін жұмыстарды тоқтату уақыты жұмыстарды орындаудың шарттық мерзіміне қосылады.

7.0 Егер басқа тарап Шартта көзделген қағидатты талаптардан айыратын Шарттың талаптарын едәуір бұзушылық жасаған болса, Тапсырыс беруші немесе Өнім беруші Шартта көрсетілген мерзімге дейін Шартты бұза алады.

7.1 Шарттың талаптарын едәуір бұзу мынаны қамтиды, бірақ санамаланғанмен шектеліп қалмайды:

1) егер Өнім беруші жұмыстар кестесін орындау мерзімін бірнеше рет бұзса, Тапсырыс беруші Шартты бұза алады;

2) Өнім беруші Тапсырыс берушінің тоқтатуға рұқсатын алмай мерзіміне дейін жұмысты тоқтата тұрса;

3) Өнім беруші Тапсырыс беруші белгілеген негізді уақыт кезеңі ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен Ақауларды жоймаса;

4) Тапсырыс беруші Өнім берушіге жұмыстар барысын кідіртуге нұсқама 10 күн ішінде күшін жоймаса;

5) не Тапсырыс беруші, не Өнім беруші оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкротқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса;

6) Өнім беруші 10 жұмыс күн ішінде келісім шарттың орындалуын қамтамасыз етуін енгізбесе;

7) Өнім беруші жобалау құжаттамасында және шарттық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды жүргізу ережелерін, нұсқаулықтарын және ережелерін ескермейтін болса.

7.2 Егер Шарт Өнім берушінің Шартты едәуір бұзуы себебінен бұзылса, Тапсырыс беруші Тапсырыс берушінің жаңа Өнім берушіні таңдауына аванстар мен шығындарды шегере отырып, Мердігерге іс жүзінде орындалған жұмыстар үшін қалған соманы төлейді. Егер Тапсырыс берушінің Шартты бұзуға байланысты шығындарының жалпы сомасы Өнім берушіге тиесілі жалпы сомадан асып түссе, айырма Тапсырыс берушіге төленуге жататын борышты құрайды.

7.3 Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп, Шартты одан әрі орындаудың орынсыздығына байланысты оны кез келген уақытта бұза алады. Хабарламада

Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, Шарттың күші жойылған жұмыстарының көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енетін күні айтылады.

7.4 Мұндай жағдайларда Тапсырыс беруші барлық орындалған жұмыстардың құнын, сатып алынған жабдықтар үшін, Объектіден машиналар мен тетіктердің шығарылуына шығыстарды және Объектіні консервациялау құнын төлейді.

7.5 Жоғарыда санамаланған жағдаяттар негізінде Шарт жойылған кезде, Мердігер Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

7.6 Мына фактілердің бірі анықталған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы Шарт кез келген кезеңде бұзылады:

1) Заңның 6-бабында карастырылған шектеулердің бұзылуы;

2) сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге Заңда қарастырылмаған ықпал етулер көрсетсе;

7.7 Форс-мажорлық шарттарды қоспағанда, егер мердігер Шартта айтылған мерзімде жұмысты орындамаса Тапсырыс беруші Шарттың шеңберінде өзінің басқа құқықтарына зиянсыз Шарттың бағасынан әр бір мерзімі өткен күнге 0,1 пайыз сомасында тұрақсыздық айыбын есептеп шығарып отырады.

7. Қосымша шарттар

7.1. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін (мемлекеттік органдар мен мекемелер үшін) және Мердігер Ереженің 156-тармағында көрсетілген жағдайларда Шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді.

7.2. Шарт бойынша тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қаржы міндеттемелері жүргізіледі және 2012 жылғы 31 желтоқсаннан кеш орындалмау қажет.

8. Тараптардың мекен-жайлары мен деректемелері

Тапсырыс беруші
«Қызылорда облысының
Құрылыс басқармасы» ММ
Қызылорда қ.3 Іріленген квартал
Тел:8 (7242) 27-14-55,27-81-33
Қызылорда облысы бойынша
Қазынашылық департаментіндегі
Код 271 25 01
БСК KKMFKZ2A, код 12
ЖСК KZ70070102KSN3301000
СТН 330 100 227 964
Басқарма бастығы Ә.Жылқайдаров
Қолы _____
М.О.

Өнім беруші
Қызылорда Жоба Құрылыс» ЖШС
Қызылорда қаласы, Шұғыла мөлтек
ауданы, 54 үй тел: 24-82-48
ЖСК KZ898560000000102569
БСК KCJBKZKX
СТН 330 100 223 268
«Банк ЦентрКредит» АҚ
Директор Султанбеков Д.
Қолы _____
М.О.

Аумақтық қазынашылық органында тіркелген күні «____»_____ 2012 ж